

### References

- Bazanova F.N. Peasant committees of public mutual aid in Kazakhstan: Abstract of diss. for the degree of candidate of historical Sciences / ANKazSSR. Ch. Valikhanov Institute of History, Archeology and Ethnography. Alma-Ata, 1971. 22 p.
- Vert N. The history of the Soviet state. 1900-1991. Moscow: Progress-Academy, 1992. 480 p.
- The State Archive of the Akmola Region (SAAR). F. 115. Op. 1. D. 60, p. 7, 86, 34.
- SAAR. F. 118. Op. 1. D. 13, p. 8, 69, 110.
- The State Archive of the Russian Federation (SARF). F. 1058. Op. 1. D. 175. P. 1.
- SARF. F. 1066. Op. 2. D. 20. P. 251.
- SARF. F. 1065. Op. 2. D. 116. P. 5 bp.
- The decree of the All-Russian Central Executive Committee "On changing the layout of food natural tax" 21 March 1921 // Reader on the history of Russian state and law: textbook. Moscow: Izd-vo MGU, 1994, 309 p.
- History of Kazakhstan from ancient times to the present day in five volumes. Vol. 4. Almaty, 2010. 767 p.
- Lenin V.I. Political report of the Central Committee at the VIII All-Russian Conference of the RCP (B.). 2 December, 1919 // Full. Collect. Op. Ed. 5th. Moscow: Politizdat, vol. 39. 624 p.
- Lenin V.I. Full. Collect. Op. Ed. 5th. Moscow: Politizdat, vol. 42. 607 p.
- The newest history of Kazakhstan. Collection of documents and materials (1917-1939) / Comp. Karazhanov K., Takenov A. Almaty, 1998, 304 p.
- North-Kazakhstan region in 1917 -1957: Collection of articles / Edited by A. Dolgopyatov, K. L. Meleshko. Alma-Ata: Kazgosizdat, 1957, 156 p.
- The State Archive of North Kazakhstan (SANK). F.1482. Op.1. D.75. P.63.
- North Kazakhstan State Archive. F. 1616. Op. 1. D. 2. P. 26.
- SANK. F. 55. Op. 1. D. 26. P. 56.
- SANK. F. 99. Op. 1. D. 21. P. 76.
- SANK. F. 245. Op. 1. D. 8. P. 50б., 22.
- SANK. F. 99. Op. 1. D. 49. P. 188.
- Collection of articles of the state archive of Akmola region for 2012-2014. Kokshetau, 2014, 96 p.
- Soviet Siberia. 14 Jan, 1921, p.4.
- Soviet Siberia. 22 April, 1921.
- Soviet Siberia. 19 April, 1921.
- Soviet Siberia. 8 September, 1920.
- Tolmachev A. Kalinin. The lives of wonderful people. Moscow, 1974. 238 p.
- Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CGA RK). F. 1215. Op. 1. D. 19. P. 18, 20, 49, 50, 53.
- CGA RK. F. 196. Op. 1. D. 40. P. 310.
- CGA RK. F. 5. Op. 2. D. 18. P. 163.
- CGA RK. F. 44. Op. 11. D. 63. P. 7.
- CGA RK. F. 82. Op. 1. D. 212. P. 13.

ҒТАМР 03.20

DOI 10.51943/1814-6961\_2021\_1\_93

### ҚАЗАҚ ӨЛКЕЛІК САНИТАРЛЫҚ-БАКТЕРИОЛОГИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ ТАРИХЫНАН

Сәбит Шілдебай<sup>1\*</sup>, Гүлжаухар Көкебаева<sup>1</sup>, Алмас Жүнісбаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Қ.А. Ясауи ат. ХҚТУ Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан, Алматы қ.,

\*Автор-корреспондент

E-mail адресстер: s.shildebai@mail.ru (Шілдебай), kokebayeva@mail.ru (Көкебаева), junisbaev013@gmail.com (Жүнісбаев)

**Түйіндеме.** Мақалада Қазақ АКСР-нің денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасуы мен дамуы тарихында маңызды рөл атқарған Өлкелік санитарлық-бактериологиялық

институтының (Санбакин) тарихы талдауға алынған. Санбакин жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күресті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруға жетекшілік жасады. Денсаулық сақтау халкоматына кеңесші-ғылыммекеме болған. Зерттеу жұмысында тұңғыш рет Санбакиннің құрылуы, қалыптасуы мен нығаю тарихы, оның жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күрестегі тарихи рөлі жүйелі баяндалған. Санбакин дәрігерлері мен қызметкерлерінің қызметі мен еңбегі – Қазақстан медицина тарихында ерен ерліктің үлгісі болды.

**Кілт сөздер:** ҚАКСР, Денсаулық сақтау халкоматы, Санбакин, эпидемиология, аштық, жұқпалы аурулар.

*Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №АР08957129 жобасын іске асыру аясында орындалды.*

**МРНТИ 03.20**

### ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО КРАЕВОГО САНИТАРНО- БАКТЕРИОЛОГИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА

Сабит Шилдебай<sup>1\*</sup>, Гүлжаухар Кокебаева<sup>1</sup>, Алмас Джунисбаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, г. Алматы.

<sup>2</sup>НИИ Евразия МКТУ им. Х.А. Ясауи, Казахстан, г. Алматы

\*Автор-корреспондент

E-mail адреса: s.shildebai@mail.ru (Шилдебай), kokebayeva@mail.ru (Кокебаева), junisbaev013@gmail.com (Жунисбаев)

**Аннотация.** В статье анализируется история Краевого санитарно-бактериологического института, сыгравшего особую роль в истории становления и развития системы здравоохранения в Автономной Казахской Социалистической Советской Республике. Санбакин руководил научной организацией борьбы с инфекционными заболеваниями и эпидемиями. Являлся совещательным учреждением Наркомата здравоохранения. Впервые в исследовательской работе освещается история создания, становления и развития Санбакина, системно проанализируется его историческая роль в борьбе с инфекционными заболеваниями и эпидемиями. Деятельность врачей и сотрудников Санбакина стала примером мужества в истории медицины Казахстана.

**Ключевые слова:** КАССР, Наркомат здравоохранения, Санбакин, эпидемиология, голод, инфекционные заболевания.

*Статья выполнена в рамках реализации проекта №АР08957129 Министерства образования и науки Республики Казахстан.*

**IRSTI 03.20**

### FROM THE HISTORY OF THE KAZAKH REGIONAL SANITARY AND BACTERIOLOGICAL INSTITUTE

Sabit Shildebay<sup>1\*</sup>, Guljaухar Kokebayeva<sup>1</sup>, Almas Junisbayev<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Institute of history and ethnology named after Ch.Ch.Valikhanov, Kazakhstan, Almaty.

<sup>2</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. Kazakhstan, Almaty

\*Corresponding author

E-mail: s.shildebai@mail.ru (Shildebay), kokebayeva@mail.ru (Kokebayeva), junisbaev013@gmail.com (Junisbayev)

**Abstract.** The article analyzes the history of the Regional Sanitary and Bacteriological Institute, which played a special role in the history of the formation and development of the health care system in the Autonomous Kazakh Socialist Soviet Republic. Sanbacin headed the scientific organization of the fight against infectious diseases and epidemics. It was an

advisory institution of the People's Commissariat of Health. For the first time in the research work, the history of the creation, formation and development of the Sanbacin is highlighted, its historical role in the fight against infectious diseases and epidemics is systematically analyzed. The work of doctors and employees of Sanbacin became an example of courage in the history of medicine in Kazakhstan.

**Key words:** KASSR, People's Commissariat of Health, Sanbacin, epidemiology, hunger, infectious diseases.

*The article was carried out within the framework of the project №AP08957129 of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.*

**Кіріспе.** 2019 жылдың соңында басталып, бүкіл әлемді шарпыған пандемия – еліміздегі денсаулық сақтау саласының жағдайы мен оның өткен тарихына тереңірек үңілуге себеп болды. Әсіресе, індеттер мен жұқпалы аурулардың ірі ошақтарының бірі болған Қазақ АКСР-індегі денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихы, жұқпалы аурулар мен індеттерді зерттеу және оған қарсы күресті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруда басты рөл атқарған ҚазОАК атындағы Қазақ өлкелік санитарлық-бактериологиялық институтының тарихы – өзекті зерттеу тақырыптарының біріне айналды.

Қазақ АКСР Денсаулық сақтау халкоматының жанынан құрылып, оның қызметін ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруға негіз болған, халкоматқа кеңесші мекеме болған, жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы вакциналарды тікелей өндіріп, халықты иммундауда белсенді қызмет атқарған ғылыми-зерттеу институтының тарихы осы уақытқа дейін мүлдем зерттелмей келді. Сондықтан, осындай өзекті тарихнамалық мәселені арнайы қарастырып, Санбакин тарихын қалпына келтіру және оның қызметіне тарихи баға беру отандық тарих ғылымы үшін қажеттілік болмақ деген ойдамыз.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Қазақ АКСР Денсаулық сақтау халкоматына қарасты ҚазОАК атындағы Өлкелік санитарлық-бактериологиялық институтының тарихын зерттеу барысында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві мен Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архивінің құжаттары, осы тақырып аясында қарастырылып отырған бірнеше мәселеге қатысты жарық көрген құжаттар мен материалдар жинақтары, сол заманда шығып тұрған «Вестник здравоохранения Казакстана» журналының материалдары, осы тақырыпқа қатысты медициналық энциклопедиялар мен анықтамалықтар кеңінен пайдаланылды. Сондай-ақ, аталмыш мәселені талдау барысында Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен ҚАКСР өкіметінің есептері, Санбакин директорларының жарық көрген есептері толықтай қолданылды. Мақаланың методологиялық негізін объективтілік, тарихилық, жүйелілік, салыстырмалы тарихи талдау сияқты ғылыми танымның маңызды принциптері құрайды.

**Талқылау.** Санбакин тарихы осы уақытқа дейін Қазақстан тарихнамасында мүлдем қарастырылмаған болатын. Санбакиннің құрылу тарихы және оның денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі, оның алғашқы жылдардағы қызметі туралы туралы ең алғаш мақала жазған – осы институттың тұңғыш директоры В.Д. Штибен<sup>1</sup> болатын. Оның «Қазақстанның денсаулық сақтау хабаршысы» журналында жарияланған мақалалары (1926; 1927) 1925-1926 жылдардағы Санбакин тарихы туралы аса құнды мәліметтерді береді және оның қызметі туралы жазылған алғашқы еңбектер болып саналады.

<sup>1</sup>Штибен Владимир Давыдович (1895-1966) – Өлкелік санитарлық-бактериологиялық институтының тұңғыш директор. Неміс, жоғары білімді дәрігер-ғалым. 1919 жылы Саратов университетінің медицина факультетін бітірген. 1919 жылдан бастап Саратов губерниялық денсаулық сақтау бөлімі санитарлық-эпидемиологиялық бөлімшесінің дәрігері болып жұмыс істеген. 1925-1928 жылдары Институт директоры, институттың Сарысу-вакцина бөлімінің меңгерушісі, ҚАКСР Денсаулық сақтау халкоматының кеңесшісі. 1928-32 жылдары Ташкенттегі Өзбек бактериологиялық институтының микробиология бөлімінің меңгерушісі. 1932-38 жылдары Ташкент медицина институты микробиология кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, мединститут директоры. 1938-42 жылдары Симферопольдегі Қырым мединституты микробиология кафедрасының, 1946-49 және 1956-66 жылдары Красноярск қаласындағы мединституттың микробиология кафедрасының меңгерушісі. 1966 жылы зейнетке шыққан соң, осы жылы Красноярск қаласында қайтыс болған (Скоркин К.В. Они носили ТВОЮ фамилию: биографический справочник: земская и советская медицина, 1900-1941: золотые три с половиной тысячи. – Ч. 1. / Сост.: К.В. Скоркин. Москва: VividArt, 2012. 1312 с. (С. 1240).)

ҚазОАК атындағы Өлкелік Санбакин тарихы туралы ең алғаш жазып, оның қызметіне қысқаша тарихи талдау жасаған осы мақала авторларының бірі – С. Шілдебай болатын. Оның «Қазақ АКСР денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасу тарихынан» атты мақаласында (2020а) Санбакиннің қысқаша тарихына тоқталып өткен. Сонымен қатар, С. Шілдебайдың Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты даярлаған «Қазақстан тарихы. Энциклопедия» атты 3 томдық басылымда жарық көрген «Орынбор мемлекеттік шешекке қарсы екпе институтының тарихы мен қызметі», «Өлкелік безгекке қарсы комиссияның қызметі», «Обаға қарсы іс қылатын Қазақстанның өлкелік кеңесінің қызметі», «Өлкелік тері-венерологиялық ғылыми-зерттеу институтының қызметі» (2020б; 2020в; 2020г; 2020д) туралы ғылыми мақалаларында алғаш рет жазылды. Бұл зерттеу жұмыстарының барлығында да Қазақ Өлкелік Санбакин тарихын толықтыра түсетін мәліметтер бар.

Сонымен қатар, 1917-1967 жылдардағы КСРО-дағы жұқпалы ауруларға қарсы күрес тарихына арналған Е.И. Лотова мен Х.И. Идельчуктың тарихи очеркінде (1967) Қазақ Өлкелік Санбакин қызметіне қатысты бірлі-жарым мәліметтер кездеседі. Ал 2012 жылы жарық көрген энциклопедист-ғалым К.В. Скоркиннің медицина қызметкерлеріне арналған биографиялық анықтамалығында (2012) Санбакинде қызмет еткен бірқатар дәрігерлер мен қызметкерлердің өмірбаяндары берілген.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақ Өлкелік Санбакин тарихы осы уақытқа дейін арнайы зерттелмеген тың тақырып. Бұл мекеменің тарихы мен қызметінен сыр шертетін біздің бұл еңбегіміз – Санбакин тарихын арнайы зерттеуге бағытталған алғашқы ғылыми талпыныстардың бірі. Қазақстандағы індеттер мен жұқпалы ауруларға қарсы күресті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруда, ол ауруларға қарсы вакциналарды өндіруде және жұқпалы аурулардың алдын-алуда үлкен рөл атқарған Санбакин тарихын бүгінгі күн тұрғысынан арнайы әрі кешенді зерттеу қажет деп ойлаймыз.

**Нәтижелер.** Қазақ АКСР Денсаулық сақтау халкоматының ҚазОАК атындағы Өлкелік санитарлық-бактериологиялық институты – кеңестік Қазақстанның Денсаулық сақтау жүйесінде құрылған алғашқы ғылыми-зерттеу институттарының бірі әрі бірегейі болды. Мұндай институтты ұйымдастыруға Қазақстандағы аса қолайсыз санитарлық-эпидемиологиялық жағдай негізгі алғышарттарды қалыптастырды. Жұқпалы аурулар мен жедел тарайтын індеттер жайлаған кеңестік Қазақ Республикасы өзінің алғашқы жылдарында-ақ бактериялық және вакциналық препараттарды өндіру және індеттерге қарсы кешенді шаралар жүйесін әзірлеу үшін ғылыми-зерттеу және өндірістік орталықты ұйымдастыруға мұқтаж болды.

Қазақ өлкелік санитарлық-бактериологиялық институтының тарихы Орынбор химиялық-бактериологиялық институтының тарихымен тікелей байланысты. Бұл екі мекеме де өз бастауын 1922 жылы наурызда ҚАКСР Денсаулық сақтау халкоматының ұйымдастыруымен Орынбор қаласында ашылған бұрынғы Орынбор химиялық-бактериологиялық зертханасынан алады (Отчет, 1923:50). Өзіне тиесілі 16 адамдық штатымен бұл зертхана қысқа мерзімде үлкен жұмыстарды атқарды. Осы зертхананы ұйымдастыруға кеңестік санитарлық микробиология саласындағы тұңғыш әйел профессор Л.В. Горовиц-Власова<sup>1</sup> үлкен еңбек сіңірді (Штибен, 1926:35). 1922 жылы

<sup>1</sup>Горовиц-Власова Любовь Моисеевна (Михайловна) – 1879 жылы Киев губерниясына қарасты Бердичев қаласында еврей отбасында дүниеге келді. 1895 жылы Одесса гимназиясын, кейін Париждегі Сорбонн университетінің жаратылыстану бөлімін, 1902 жылы Париждегі медицина мектебін бітірді. Содан кейін Париждегі Пастер институтының 3 айлық бактериологиялық курсын аяқтады. 1902 жылы профессор И.И.Мечниковтың ғылыми жетекшілігімен Сорбонн университетінде докторлық диссертация қорғап, осы жылы Ресейге қайтып келген соң Харьков университетінің медицина факультетіне дәрігер атағы үшін емтихан тапсырды. 1902-1917 жылдары Петербургте әртүрлі дәрігерлік қызметтерді атқарды. 1917-18 жылдары кенеттен большевиктерді көпшілік алдында сынға алды. 1919-20 жылдары ЖШҚА қатарында қызмет етті, Петроградтағы әскери госпитальдің дәрігер-бактериологы. 1920 жылы профессор атағын алған санитарлық микробиология саласындағы тұңғыш әйел. 1920-22 жылдары Петроград мединститутында гигиена кафедрасының меңгерушісі. 1922 жылдың жазында МСБ тарапынан тұтқындалып, оның жанындағы Ерекше кеңестік шешімі бойынша Орынборға жер аударылған. 1922-25 жылдары ҚАКСР Денсаулық сақтау халкоматының бактериологиялық лабораториясының меңгерушісі, Орынбор санитарлық-бактериологиялық институтының директоры. 1925-37 жылдары Ресей мен Украина қалаларында қызмет атқарған. 1937 жылы ауыр психикалық науқасқа шалдығып, зейнетке шығады. 1941 жылы желтоқсанда инсульт алып, Ленинград қ. қайтыс болған (Скоркин К.В. Они носили ТВОЮ фамилию: биографический справочник: земская и советская медицина, 1900-1941: золотые три с половиной тысячи. Ч. 1. / Сост.: К. В. Скоркин. Москва: VividArt,

Петроградта МСБ<sup>1</sup> тарапынан тұтқындалып, Орынборға жер аударылған Л.В. Горовиц-Власова Орынбор қаласында қымыз өндірісін жолға қойып, ҚАКСР Денсаулық сақтау халкоматының бактериологиялық зертханасының меңгерушісі, кейіннен, зертхана Институтқа айналған кезде оның директоры қызметіне тағайындалды (Скоркин, 2012:373-374).

1925 жылдың басында ҚАКСР Денсаулық сақтау халкоматының Орынбордағы өлкелік зертханасында бактериологиялық, химиялық клиникалық-диагностикалық, серологиялық, шешек және вакцина бөлімшелері бар бактериялық препараттар бөлімі, пастер, безгек станциялары болды және сарысу (сывороточный) бөлімін ұйымдастыруға кірісті. Осылайша, зертхана қаланың барлық медициналық-санитарлық мекемелеріне жан-жақты қызмет көрсетті, аймақты бактериялық препараттармен қамтамасыз етті және өлкедегі барлық санитарлық және эпидемиологиялық мәселелер бойынша Денсаулық сақтау халкоматының кеңесшісі болды (Штибен, 1926:35).

Орынбордағы Өлкелік химиялық-бактериологиялық зертхана санитария және зертхана ісі бойынша дәрігерлерге арналған курстарды өткізуге қатысты, санитария және эпидемиология саласындағы дәрігерлердің біліктілігін арттыруға ықпал етіп, губерниялық Санитарлық-бактериологиялық зертханалардың меңгерушілерін даярлауға атсалысты. Зертханада бірнеше бағыт бойынша ғылыми жұмыстар жүргізіліп, олар зертхана қызметкерлерінің жеке жұмыстары ретінде баспасөзде жарияланды.

Білікті медицина мамандарының аздығына қарамай, зертхана қызметкерлерінің өз ісіне деген сүйіспеншілігі мен ҚАКСР Денсаулық сақтау халкомы М.С. Шамовтың<sup>2</sup> энергиясының арқасында құрылып, үлкен еңбекпен жолға қойылған, ерекше мәдени құндылыққа ие болған Орынбордағы зертхана үлкен маңызды санитарлық-бактериологиялық орталыққа айналды. ҚАКСР астанасын Орынбордан Қызылордаға көшіру кезінде Орынбор қаласы үшін ерекше маңызға ие болған зертхананы сақтай отырып, сонымен бірге, Қызылорда қаласында да дәл осындай зертхана ашу мәселесі күн тәртібіне көтерілді. Орынборда, сондай-ақ РКФСР Денсаулық сақтау халкоматының жанында өткен бірқатар кеңестерден кейін Орынборда жұмыс істеп тұрған өлкелік зертхананы сақтап, оны Орынбор бактериологиялық институты деп қайта атай отырып, оның құрал-жабдығының бір бөлігін Қызылордада ашылуы тиіс ҚАКСР Денсаулық сақтау халкоматының Институты үшін бөлу туралы шешім қабылданды (Штибен, 1926:36).

Орынбордағы Өлкелік химиялық-бактериологиялық зертхана құрал-жабдығының бір бөлігімен бірге оның В.Д. Штибен, Р.И. Феликс<sup>3</sup>, Л.И. Зими́на<sup>4</sup>, Н.Г. Писарев<sup>5</sup>, М.М. Романов<sup>6</sup>, Рождественская<sup>7</sup> және З.А. Бемер<sup>8</sup> сияқты қызметкерлері де Қызылордаға қоныс аударып, ҚАКСР Денсаулық сақтау халкоматының қолдауымен Өлкелік Санитарлық-бактериологиялық институтын басынан бастап ұйымдастыру ісіне кірісті (Штибен, 1926:36). Олардың алдында төмендегідей күрделі міндеттер тұрды:

1) Институтқа сәйкес келетін тұрақты жөндеу және жабдықтау;

2012. 1312 с. (С. 373-374.).

<sup>1</sup>МСБ – Мемлекеттік саяси басқарма.

<sup>2</sup>Шамов Михаил Сергеевич – қоғам және мемлекет қайраткері, дәрігер, ҚАКСР-ындағы денсаулық сақтау саласы мен санитарлық-эпидемиологиялық жүйенің қалыптасуына және дамуына еңбек сіңірген тұлға. 1887 жылы Ресей империясының Таврия губерниясына қарасты Севастополь қаласында жұмысшы отбасында туған. 1914 ж. Харьков университетінің медицина факультетін бітірген. 1914-17 ж. Грузия жеріндегі Поти портында патша әскерінің полк дәрігері. 1917-19 ж. Украинадағы Дмитриев қаласында РК(б)П укомының хатшысы, уездік кедейлер комитетінің төрағасы, уездің әскери комиссары. 1919 ж. Курск губденсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, санитарлық пойыз бастығы, Ақтөбе майданы жойылғаннан кейін 1920 ж. 15 ақпанынан Орал губденсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі. 1920 ж. 12 қазанынан бастап 6 рет қатарынан ҚАКСР Денсаулық сақтау халкомы болып сайланып, 1928 ж. 2 мамырына дейін қызмет атқарған. 1928 ж. 2 мамырда Свердловскіге, кейін Москваға ауыстырылған. КСРО Денсаулық сақтау халкоматының И.И. Мечников атындағы институтының директоры болып жұмыс істеген. 1938 ж. тұтқындалған. Одан арғы тағдыры белгісіз. 1-6-сайланған ҚазОАК және ХКК мүшесі (Қазақстанның халық комиссарлары. 1920-1946: Өмірбаяндық анықтамалық. Алматы, 2004. 499 б. (464-465-б.)).

<sup>3</sup>Феликс Раиса Иосифовна – Бактериологиялық бөлім меңгерушісі. 1895 жылы туған, орыс. 1919 жылдан бастап дәрігер болып істейді, жоғары білімді. Алматы қаласында Сибская көшесі, 31-үйде тұрған. (ОМҒТҚА, 85-қ., 1-6-т., 81-іс, 2-3-п.).

<sup>4</sup>Зими́на Л.И. – Клиникалық-диагностика және серологиябөлімдерінің тұңғыш меңгерушісі.

<sup>5</sup>Писарев Н.Г. – Безгек станциясының тұңғыш меңгерушісі.

<sup>6</sup>Романов М.М. – инженер-химик, химия бөлімінің тұңғыш меңгерушісі.

<sup>7</sup>Рождественская – лаборант, аты-жөнін анықтай алмадық.

<sup>8</sup>Бемер З.А. – Сарысу бөлімінің тұңғыш лаборанты.



2) Зертханалық жабдықтарды қайта жинап, институтты реактивтермен және қажетті материалдармен жабдықтау;

3) Зертхана штатын қалыптастыру және білікті қызметкер мамандарды жинау;

4) Қазан айына дейін институт бөлімдерін ашу үшін барлық ойды жүзеге асыру. Мамыр айында тұрғын үйге жарамсыз құрылыс болып табылатын тиісті үй-жай белгіленді, оны жөндеуді Орталықты Қызылордаға ауыстыру жөніндегі Қазхалкомкеңес комиссиясы өз мойнына алды.

1925 жылдың шілдесінде Қызылордада Өлкелік Санитарлық-бактериологиялық институтын құру туралы шешім қабылданған соң (Государственные, 1984:40), Институт Қазақстанның жаңа астанасында біртіндеп қалыптаса бастады. Бұл негізінен қаладағы диагностикалық және зерттеу жұмыстарымен айналысатын шағын зертхана болды. Институт азғана мөлшерде өндірістік және ұйымдастырушылық қызметпен айналысты.

1925 жылы 17 қыркүйекте ҚАКСР Халкомкеңесі Өлкелік санитарлық-бактериологиялық институты туралы ережені бекітті (Вестник, 1925(№ 19):527). Ережеге сәйкес, институт Қазақстанды емдік және сауықтыру вакциналарымен, аутовакциналармен, сарысумен (сыворотка) және т.б. бактериялық дәрі-дәрмектермен жабдықтауы; санитарлық-гигиеналық және клиникалық-диагностикалық лабораториялық зерттеулерге қажетті өндіріспен айналысуы; лабораториялық істің дұрыс жолға қойылуына ықпал жасауы; Безгек және Пастер станцияларының жұмысына басшылық етуі; гигиена, санитария, эпидемиология және лабораториялық іс саласының дәрігерлері үшін білім жетілдіру курстарын ұйымдастыруы тиіс болды (ОМҒТҚА, 26а:1).

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін Институт құрамында Бактериологиялық, Химиялық, Бактериялық препараттар, Сарысу, Шешек бұзауханасы, Пастер станциясы, Безгек станциясы құрылуы тиіс болды (Вестник, 1925 (№ 19):528).

Институттың Пастер станциясы 1925 жылдың 26 шілдесінен құтыруға қарсы (антирабический) егу жұмысын жүргізіп, бұрын басталған эксперименттік жұмыстарын жалғастыра бастады. Ал серологиялық<sup>1</sup> бөлім 13 тамызда Вассерман реакциясымен<sup>2</sup>, агглютинация<sup>3</sup> және шөгінді реакцияларымен қан зерттеулерін қабылдауға кіріссе, бактериологиялық бөлім 15 тамыздан бастап жұмыс істей бастады. Химиялық бөлім тамақ өнімдері және құдықтар мен Сырдария өзенінің ауыз суларына санитарлық талдау жасауға кірісті. Бактериологиялық мәліметтермен бірге бұл нәтижелер Қызылорданы орталық қалалық су жүйесімен жабдықтау құрылысы кезінде үлкен маңызға ие болған еді. Сонымен қатар, бөлім одан әрі Қазақстанда көптеп кездесетін минералды сулар мен балшықтарды зерттеу ісін қолға алды.

1925 жылдың күзінде Клиникалық-диагностикалық бөлім қаланың барлық емдеу мекемелеріне қызмет көрсете отырып, диагностикалық зерттеудің барлық мүмкін түрлеріне материал қабылдауды тұрақты жүргізді. Сарысу бөлімі күл ауруына<sup>4</sup> (дифтерияға) қарсы сарысуды алу үшін 2 жылқыны иммунизациялап, балаларды дифтеритке қарсы белсенді иммундау жұмыстары жүргізілді. Бактериялық препараттар бөлімі детрит өндіруге кірісті. 1926 жылдан бастап емдік және профилактикалық вакциналар мен аутовакциналарды өндіру жоспарланды.

Ал Безгек (малярия) станциясы 1925 жылы мамырда жұмысын бастап, безгектің дамуына қолайлы жергілікті жағдайларды зерттеп, жаз айларында масалар және басқа да тасымалдаушылармен күрес жүргізді. 1926 жылдың басында 5 төсек-орыннан тұратын стационар ашу, безгекке қарсы күрестен басқа жергілікті протозойлық ауруларды зерттеумен айналысу және бөлімді алдағы уақытта тропикалық аурулар мен гельментология бөлімі деп қайта атау жоспарланды.

Институт жанынан әртүрлі тақырыптарда ғылыми конференциялар ұйымдастыру жолға қойылды. Мысалы:

<sup>1</sup>Серология - қан сарысуының қасиеттері туралы ғылым.

<sup>2</sup>Вассерман реакциясы (RW) – теңге қотырды (мерез – сифилис) тез анықтау әдісі. Осы реакцияны жүргізу әдісін ұсынған неміс иммунологы Август Вассерманның атымен аталған әдіс. Клиникалық тәжірибеде теңге қотырды анықтаудың барлық әдістері Вассерман әдісі деп аталғанымен, бұл әдіс 1980 жылдан бастап Кеңестер одағында қолданыстан шығып қалған болатын.

<sup>3</sup>Агглютинация реакциясы - агглютинация, немесе микробтардың жабысуы, ағзада агглютининдердің барымен белгіленеді. Бұл серологиялық реакция жануарларда және адамдарда бруцеллез ауруын анықтағанда, сүзек, сальмонеллез ауруларын анықтағанда, ағзадан бөлініп шығарылған қоздырғышты анықтағанда өткізіледі. Осы реакция арқылы зертханада белгілі антигеннің көмегімен ауру ағзадан алынған сары сузерттеледі.

<sup>4</sup>Күл (дифтерия) ауруы – *Corynebacterium diphtheriae* (Лёффлер бацилласы, дифтериялық таяқша) бактериясынан туындайтын жұқпалы ауру. Көбінесе тіл, тамақ, жұтқыншақ, тері және басқа да органдарды зақымдайды.

1-кесте. Институттың ғылыми конференциялары (Научные, 1926:68-69).

№	Уақыты	Баяндама тақырыбы	Баяндамашы
1	1.08.1925	Қызылордадағы безгек мәселесі	Н.Г. Писарев
2	3.08.1925	Анотоксиндер туралы	В.Д. Штибен
3	14.09.1925	Ерітінділер теориясы	М.М. Романов
4	25.09.1925	RW қою техникасы (Каур әдісі)	Л.И. Зимина
5	5.10.1925	Trematodes Cystodes және Nematodes паразиттерінің анатомиялық құрылысының ерекшеліктері	Попов – Москвалық профессор Скрябиннің ассистенті
6	19.10.1925	Ph сұйықтығын орнату техникасына	З.А. Бемер
7	21.12.1925	Институттың сарысу бөлімінің жұмысы туралы	В.Д. Штибен

1925 жылы желтоқсанда Қызылордада өткен Қазақстан губденсаулық сақтау бөлімдері мен учаскелік дәрігерлерінің съезінде Институт директоры В.Д. Штибен есептік баяндама жасады. Онда Институттың міндеттерімен таныстыра отырып, құрылған уақытынан бастап сол уақытқа дейін жүргізілген жұмыстары туралы баяндады. В.Д. Штибен институт жанында Қазденсаулық сақтау халкоматының орталық кітапханасы ұйымдастырылғанын, ол біртіндеп қажетті әдебиеттермен толықтырылу үстінде екенін, сондай-ақ 30-ға жуық орыс және шетел журналдарын жаздырып алып отырғанын жеткізді. В.Д. Штибен: «Жаңа институттың алдында, ең алдымен, эпидемияларға қарсы күресті дұрыс жүргізу, олардың даму ерекшеліктері мен Қазақстандағы даму себептерін зерттеуге, губзертханаларды ұйымдастыруға қатысуға, тиісті қызметкерлерді ұсынуға және дайындауға, Қазақстанды жеткілікті мөлшерде шешек детритімен, алдын алатын және емдік вакциналармен, сарысулармен және басқа да препараттармен қамтамасыз етуге қатысу, аурулардың жергілікті сипатын зерттеу, тропикалық және іш құрты (гельминтология) аурулары бөлімін ұйымдастыру міндеті тұр» (Штибен, 1926:38), – деп, Институт алдында тұрған нақты міндеттерді атап көрсетті. Шын мәнінде, Институт алдында ғылыми жұмыстар мен түрлі мәселелер бойынша зертханалық әзірлемелер үшін қажетті жағдай жасай отырып, медицина қызметкерлері үшін ғылыми база ұйымдастыру міндеті тұрған еді.

Жекелеген бөлімдер бойынша Өлкелік санитарлық-бактериологиялық институттың 1925-1926 жылдарға арналған жұмыс жоспары төмендегідей болды:

1. Сарысу бөлімі. 400 литр көлемінде дифтерияға қарсы сарысуды өндіру (шамамен 8.000.000 бірлік.), антирабиялық сарысуды және әртүрлі аглютиндейтін басқа да емдік сарысуларды өндіруге 1926 жылғы шілдеден кейін кірісу; бөлім дифтерияны дифтериялық анатоксиндермен белсенді иммундау туралы және жалпы анатоксиндер туралы мәселе бойынша мәселені әзірлейтін болады.

2. Бактериялық препараттар бөлімі аймақтардың талаптарына сәйкес 3.000.000 доза шешек детритін, 400 литр дивакцинаны, 10 литр гонокотты вакцинаны, 5 литр стафилококты және стрептококты, аутовакцинаны шығаратын болады. Бөлім нейровакцина туралы мәселемен айналысатын болады.

3. Бактериологиялық бөлім әдеттегі диагностикалық және эпидемиологиялық зерттеулерден басқа ауыз суға (құдықтар мен Сырдария өзеніне) тексеру жүргізеді.

4. Химиялық бөлім негізінен құдықтар мен Сырдария өзенінің суына қатысты ерекше санитарлық-техникалық талдаулар жүргізеді, бактериологиялық талдау деректерімен бірге бұл зерттеу Қызылорданы сумен жабдықтау көрінісін анықтап, қаланы орталық сумен жабдықтау мәселесіне материал дайындайды. Бөлім одан әрі Қазақстанның минералды емдік сулары мен балшықтарын зерттеуге кіріседі.

5. Секрологиялық бөлім Вассерман реакциясы талдауымен қаланың барлық емдеу мекемелеріне толық қызмет көрсетуі керек. Сондай-ақ, Безредка реакциясымен Т.В.С. серодиагностикасына ауысатын болады және кешенді байланыс әдісі бойынша гонорейяның серодиагностикасы туралы мәселе даярланады.

6. Клиникалық-диагностикалық бөлім емдеу мекемелеріне қызмет көрсетеді, клиникалық талдаулар жүргізеді және асқазанның құрамын зерттеу әдістемесі бойынша жұмыстар жүргізеді.

7. Безгек станциясы безгектің дамуына қолайлы жергілікті жағдайларды зерттеуді жалғастырады, санитарлық ұйымдармен тікелей бірлесіп, онымен күрес жүргізеді және өзінің қызмет аясын Қызылорда шеңберіндегі жақын ауылдарға кеңейтеді.

8. Пастер станциясы қалыпты жұмыс істейді және құтыру бойынша басталған тәжірибелік жұмыстарды жалғастырады (Штибен, 1926:38-41).

Осылайша, 1925 жылдың шілдесінде Орынбордан енші алып, Қызылордаға келіп қоныс тепкен Өлкелік санитарлық-бактериологиялық институты ҚАКСР Денсаулық сақтау халкомы М.С. Шамовтың тікелей қолдауымен құрылып, біртіндеп қалыпты жұмыс ырғағына көше бастады. 1925 жылдың соңында Институт штаты 39 қызметкерге арналғанымен, іс жүзінде 24 қызметкер (4 дәрігер, 1 инженер-химик, 2 кіші лаборант, 3 білікті санитар және т.б. 11 көмекші қызметкер) жұмыс істеді (ОМФТҚА, 162:4).

1926 жылы ақпанда Өлкелік санитарлық-бактериологиялық институтына ҚазОАК есімін беру туралы; Институтты ұйымдастыруға зор еңбек сіңірген меңгеруші, доктор В.Д. Штибенге директор атағын және оған білімін жетілдіру үшін 3 айлық шетелдік іссапар беру туралы туралы Үкімет бұйрығы жарияланды (Действия, 1926:102). Өзіне берілген мүмкіндікті сәтті пайдаланған доктор В.Д. Штибен 1926 жылы ақпанда Германияның Франкфурт қаласына келіп, профессор Колле басқаратын Мемлекеттік эксперименталды терапия институтының серология бөлімінде білімін жетілдіріп, емдік сарысуларды өндіру тәсілдерін меңгереді. Содан кейін, Германияда жылқыны иммундау арқылы әртүрлі емдік сарысуларды алу туралы әдістермен танысу мүмкіндігі болмаған соң, Данияға сапар шегіп, онда Копенгагендегі профессор Мадсеннің фабрикасына барып, дәрігер Шмид басқаратын сарысу бөлімінде еуропалық озық әдістермен танысады (Штибен, 1927а:65). Міне, осы білімнің барлығы да кейіннен ҚазОАК атындағы Өлкелік Санбакинда емдік және вакциналық сарысуларды өндіруде кеңінен қолданыс тапты.

1925 жылдың соңында Институт штаты жоспарланған 39 адамның орнына 24 адамнан ғана құралған болса, 1926 жылдың 1 қазанында 36 адамға (7 дәрігер, 1 фельдшер, 1 энтомолог, 2 санитар және 25 көмекші қызметкер) жетті (Штибен, 1927б:109). Бірақ білікті мамандардың тапшылығы – бірнеше бөлімді бір адамның басқарғанынан-ақ анық көрініп тұратын еді. Мысалы, дәрігер Р.И. Феликс Институттың бактериологиялық бөлімі мен бактериялық препараттар бөліміне және Пастер станциясына бір мезетте меңгеруші болды. Осыған қарамай, бактериялық препараттар бөлімі алдын-алу және емдеу вакциналарын өндірді. 1926 жылдың 1 кварталында бөлім 20 литр дивақцинаны, 12 литр стафилококты вакцинаны, 5 литр стрептококты вакцинаны және 32 литр аутовақцинаны шығарған (Штибен, 1927б:111).

Сонымен қатар, бөлімге қарасты шешек бұзауханасында 1925 жылдың 1 қазаны мен 1926 жылдың 1 қазаны аралығында ретро-вакциналау әдісімен алынған штаммлимфадан 1 465 328 доза шешек детриті өндірілді (Научные, 1927:285). Алынған шешек детритінің 138 000 дозасы ақылы негізде, 1 285 045 дозасы тегін босатылған. Сондай-ақ, 1926 жылдың 1 қазанында бөлімге қарасты қоймада 44 100 доза құйылған детрит, 172,5 грамм құйылмаған шикізат пен 50,0 грамм штаммлимфа сақталып тұрды (Штибен, 1927б:111). Өндірілген детритті қарапайым зертханалық бақылаудан өткізген соң, бұрын вакцина егілмеген балаларға егу арқылы бақылау жасалды. Қызылордада балаларға кеңес беру пункті ашылғанға дейін шешекке қарсы егу пункті Институтта болған. Өндірілген детриттің барлық сериясы 100 пайыз балаларды иммундауға жұмсалған. Бөлімде өндірілген детрит дозасының басым бөлігі Қазақстанның аймақтарына жөнелтілді. Бірақ, аймақтардан детриттің егілуі туралы толыққанды есеп алу мүмкін болмаған. Сонымен қатар, детрит Ақмола губденсаулық сақтау бөліміне жеткізілгенше 1 ай уақыт жолға кетіп қалады екен. Сондай-ақ, аймақтарда детритті дұрыс әрі тиімді сақтамау кеңінен орын алған. Мұның өзі детрит сапасын нашарлатып, көп жағдайда даярланған дозалардың жарамсыз болып қалуына әкеліп отырған. Осыған орай, бөлім меңгерушісі Р.И. Феликс Қазақстанның Қызылордадан алыс губернияларында шешек бұзауханаларын ұйымдастыру қажеттігін және аймақтарда шешек детритін сақтау мәселесіне ерекше назар аударуды ұсынады (Научные, 1927:285).

Бактериологиялық бөлімнің жұмысы негізінен диагностикалық сипатқа ие болды. Бөлім бір жыл ішінде барлығы 1076 сараптама жасаса, оның 398-і ғана бактериологиялық болған. Қызылорда қаласында жалғыз санитарлық врач болғандықтан, эпидемиологиялық жұмыстарды жүргізу мүмкін болмады. Бактериологиялық бөлім мен химия бөлімі



бірлесе отырып, 1925 жылғы қыркүйектің ортасынан бастап 1926 жылдың сәуіріне дейін Қызылордадағы 2 мыңдай құдықтың 112-сін тексерген (Феликс, 1927:52). Қаланың барлық учаскелеріндегі құдықтарды тексеру қорытындысында: «Жалпы, Coli титрі<sup>1</sup> толығымен химиялық зерттеу деректері арқылы расталады және тіпті ең жақсы деген судың өзі ең төменгі санитарлық талаптарға сай емес. Жұмыс әлі аяқталмағанына қарамастан, біздегі бар материал – құдықтардағы ауыз судың сапасы туралы түсінік береді және бізді сумен жабыдықтауды жақсартуға елеулі назар аударуға мәжбүр етеді» (Феликс, 1927:55), – делінді.

Қызылордадағы Пастер станциясында бір жыл ішінде 175 науқас емделген (оның 128-і емдеу аяқталған соң шықса, 45-і емдеу аяқталмай шығып кеткен). Осы науқастардан 100 қоянға ауру жұқтырылып, станцияда Stammlösung (30% глицерин қосу арқылы) даярлау арқылы вакциналар өндіріп, құтыруға қарсы иммундау шаралары жүргізілді. Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай, құтыру штаммын жұқтырған науқастар түгел емделіп шыққан.

1925 жылдың шілдесінен бастап жұмыс істеген Химиялық бөлім 1926 жылы шілдеде бөлім меңгерушісі инженер-химик М.М. Романов жұмыстан шығып кеткен соң жабылып қалды. Осыдан кейін бұл бөлім өз жұмысын 1927 жылдың қаңтарында ғана қайта бастады. Бөлім 1925 жылдың 1 қазанынан бастап 1926 жылдың маусымына дейін Қызылорданың ауыз су көздеріне 341 рет химиялық талдау жасаған.

Ал 1925 жылы қыркүйекте сарысу және вакцина бөлімдерін біріктіру арқылы құрылған Сарысу-вакцина бөлімін директор В.Д. Штибеннің өзі басқарды. 1925 жылдың соңында бөлімде меңгерушіден басқа 6 қызметкер жұмыс істеді. Бөлім азғана мөлшерде дивакцина, 9 500 текше сантиметр дифтерияға қарсы сарысу, 4 500 текше сантиметр қалыпты сарысу өндірді. 1926 жылдың 1 қазаны қарсаңында қоймада 3000 бірліктік 176 ампула, 1000 бірліктік 113 ампула және құйылмаған 2 литрдей дифтерияға қарсы сарысудың артық қоры сақтаулы тұрды (Штибен, 1927б:111).

Дәрігер Л.И. Зимица Клиникалық-диагностикалық бөлім мен Серологиялық бөлімге жетекшілік жасады. Бұл екі бөлімге де маман жетіспеді. 1926 жылдың ақпанында клиникалық-диагностикалық бөлімнің жалғыз лаборанты өкпе туберкулезінің өршуінен қатардан шығып қалды. Осындай қиын жағдайда жұмыс істеген бөлім бір жыл ішінде 2 503 кәдімгі клиникалық, 2 735 бактериоскопиялық талдау жасаған.

Серологиялық бөлімнің жұмысы да тиісті мамандардың жетіспеушілігі салдарынан шектеулі болды. Бөлім бір аптада Вассерман реакциясын шамамен 50 реттен асақоя алмайтын еді. Ал Видаль және Вейнберг реакциялары<sup>2</sup> бойынша жүргізілетін зерттеуге шек қойылмады. Вассерман реакциясы Кауп методикасы бойынша жүргізілді. Вассерман реакциясымен қатар, Мейнике<sup>3</sup> және Сакс-Георги реакциялары<sup>4</sup> енгізілді. 1926 жылдың қаңтарынан бастап, Москвада өткен эпидемиологтар мен бактериологтардың IX съезінің қаулысына сәйкес, бөлім толықтай Вассерман реакциясына көшеді. 1926 жылдың маусымынан бастап луэтиктерді<sup>5</sup> тіркеу үшін карточка жүйесі енгізілді. Бөлім меңгерушісі Л.И. Зимица жыл бойы В.Д. Штибенмен және мектептің санитар дәрігері Федосеевамен бірлесе отырып 1 337 оқушыны Шик реакциясына<sup>6</sup> тексерді. 1926 жылдың қыркүйегінен

<sup>1</sup>«Бактериялар көрсеткіші» деген мағына береді.

<sup>2</sup>Видаль және Вейнберг реакциялары - Видаль реакциясы арқылы жүргізілген серологиялық талдау адам ағзасында іш сүзегінің қоздырғышына - Salmonella enterica, typhi серотипі тектес бактерияларға иммундық антиденелерді анықтауға мүмкіндік береді. Вейнберг реакциясы – эхинококкозды диагностикалау үшін кеңінен қолданылады. Эхинококкозбен ауыратын науқастардың сарысуында антиденелер пайда болады, олар in vitro эхинококкпен бірге Сарысудың адсорбциялық комплементін (алексин) құрайды. Вейнберг реакциясы жоғары ерекшелікке ие, эхинококкты алып тастағаннан кейін бірнеше апта бойы оң болып қалады. Вейнберг реакциясын қою кезінде антигеннің сапасына назар аудару керек, ол бауырдың немесе қоспаның өкпесінің эхинококкты кристалдарының сұйықтығы болуы мүмкін. Суықта сақталған кезде антиген бірнеше жыл бойы белсенді болады. Вейнберг реакциясын қоюдың екі әдісі бар - тез және баяу.

<sup>3</sup>Мейнике реакциясы – бұқаның жүрегінен бөлінген липидтердің эмульсиясын пациенттің қан сарысуының глобулиндерімен преципитация құбылысына негізделген теңге қотырдың (мерез - сифилис) серодиагностика әдісінің алты модификациясының жалпы атауы.

<sup>4</sup>Закс-Георги реакциясы - Мерездің серодиагностикасы үшін қолданылатын реакция. Қан сарысуына қосылған цитохолды антиген концентрацияланбаған және реакция баяу жүрді, бұл оны Закс-Витебск реакциясымен алмастыруға негіз болды.

<sup>5</sup>Луэтик – сифилитик – теңге қотырмен (мерезбен) ауыратын адам.

<sup>6</sup>Шик реакциясы –күл ауруына (дифтерияға) сезімталдық дәрежесін анықтау үшін 1913 жылы ұсынылған. Шик реакциясы 1/40 Dim құрайтын 0,2 см<sup>3</sup> көлемінде күл токсинін қатаң тері ішіне енгізу

бастап Пастер станциясы да уақытша Л.И. Зиминаның қарауына өтеді. Өлкелік Ветеринарлық-бактериологиялық институтын<sup>1</sup> ұйымдастыру жұмысы қолға алынған кезде жануарлардағы құтыру диагностикасы жөніндегі жұмыстар да Пастер станциясының мойнына жүктелді.

Серологиялық бөлім бір жыл ішінде барлығы 5606 зерттеу (Вассерман реакциясы бойынша – 2503; сифилиске шөгінді әдісі (Кан, Мейнике, Сакс-Георги және т.б.) бойынша – 3013, басқа әдіс (Вейнберг, Безредко және т.б.) бойынша – 90) жасаған. Сонымен қатар, төмендегідей экстракттардың 11 сериясы даярланған:

1. Вассерман реакциясы үшін 3500 текше сантиметр спиртті, ацетонды және холестеринді экстракттар;

2. Сакс-Георги үшін 3000 текше сантиметр экстракті;
3. Кан реакциясы үшін 500 текше сантиметр экстракті;
4. 400 текше сантиметр гемолитикалық амбоцептор.

Сондай-ақ, 19 қоян иммундалып, венаға хлорлы марганецтің құйылуынан болатын гемолитикалық титрдің (көрсеткіштің) күшеюіне бақылау жүргізілді. Серологиялық бөлім Қазақстанның барлық губерниялық зертханаларын дайын антигендермен және гемолитикалық сарысулармен қамтамасыз етіп отырды (Штибен, 1927б:116-117).

1926 жылы 8 сәуірде Институт жанынан энтомологиялық кабинет (кабинет меңгерушісі – дәрігер И.П. Горчаковский) ашылса, осы жылдың тамызында гельминтологиялық кабинет (кабинет меңгерушісі – дәрігер Крепкогорская) жұмысын бастады. Дәрігер Н.Г. Писарев жетекшілік жасаған Безгек станциясы эпидемиологиялық безгектің негізгі 3 факторы бойынша (паразиттік факторы, су факторы және маса факторы) бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Жоғарыда келтірілген нақты мысалдардан көріп отырғанымыздай, 1926 жылдың ортасына қарай Институт өзінің негізгі қызметін толыққанды атқара бастаған.

1928 жылы Институт құрамында жаңадан протозоологиялық, кәсіптің зияны, қауіпті жұқпа аурулар (инфекция) бөлімдері ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Институт жанында Өлкелік сот-химия кабинеті уақытша жұмыс істеді. 1928 жылы Безгек станциясы жеке мекеме болып бөлініп шықты (Государственные, 1984:40). Институттың кейінгі даму тарихы республикадағы санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің дамуымен тығыз байланысты болды.

Қазақстан астанасының Қызылордадан Алматыға көшірілуіне байланысты Санбакин де Алматыға қоныс аударды. Институтты көшіру аса қиын жағдайда жүзеге асырылды. 1928 жылдың 1 қазанында басталған көшу 3 айға созылып, тек қана 1929 жылдың қаңтарында ғана аяқталды. Институтты көшіру – оны қайта ұйымдастырумен бірдей болды. Себебі, жаңа орында жұмысқа ыңғайлы ғимарат пен қосалқы құрылыстардың толық болмауы, су жепіспеушілігі, ал қыста біраз уақыт бойы Алматының тау өзенінде мұздың пайда болуы және оның арнасының өзгеруі салдарынан судың болмауы, сондай-ақ арықтардың қатып қалуы, отын мен жем-шөптің жетіспеушілігі, электр энергиясының болмауы сияқты жағдайлар Институттың жұмысына орасан зор кедергі келтірді (ОМҒТҚА, 58:17). 1928 жылдың 18 маусымынан бастап Санбакин директоры қызметіне тағайындалып, тек қана осы жылдың 18 тамызынан бастап қызметіне кіріскен П.С. Розен<sup>2</sup> (ОМҒТҚА, 17:6-8) Алматыда Институтқа жаңа қызметкерлерді тарту жұмысын жүргізді. Себебі, Қызылордадан Алматыға 3 дәрігер ғана келген еді. Оның бірі – серологиялық бөлім меңгерушісі Л.И. Зимица көп ұзамай Институттан шығып кетті. Санбакиннің көшіп келуіне байланысты өз жұмысын тоқтатқан бұрынғы Алматы губерниялық санитариялық-бактериологиялық зертханасының қызметкерлері Институтқа шақырылды (ОМҒТҚА, 58:17). Институттың Алматыға көшіп келуінен кейін кәсіби

жолымен орындалады. Токсин сол қолдың терісіне енгізіледі.

<sup>1</sup>Жер-су халық комиссариатына қарасты Өлкелік Ветеринарлық-бактериологиялық институты 1926 жылы 10 желтоқсанда ашылды (Новый научный центр в Казахстане: Открытие Краевого Ветеринарно-Бактериологического Института НККЗ // Вестник Здравоохранения Казахстана, 1926. – № 1-2. – С. 98.)

<sup>2</sup>Петр Соломонович Розен – 1928-1930 жылдары Санбакин директоры. 1890 жылы Кременчуг қаласында туған, еврей. Тұтқындалғанға дейін Москва қалалық денсаулық сақтау бөлімі Бактериологиялық институтының ғылыми жетекшісі және 3-ші Москва мединститутының кафедра меңгерушісі. 1938 жылы 10 наурызда тұтқындалып, тыңшылық жасауды ұйымдастырды деген айыппен 1939 жылы 14 сәуірде КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының шешімі бойынша ату жазасына кесілген. 1939 ж. 15 сәуірде атылған. 1955 жылы 25 қазанда ақталған.

зияндылықты зерттеу жөніндегі, санитарлық-химиялық, протозоологиялық және аса қауіпті инфекциялар бөлімдері қайта ұйымдастырылды.

1928 жылдың күзінде Қазақстанда 3 санитарлық ағарту үйі және тұрақты 3 санитарлық көрме болғанымен, санитарлық-ағарту жұмыстары қолға алына қоймады. Өлкелік санитарлық-бактериологиялық институты және оның филиалдары – жергілікті бактериологиялық лабораториялар Қазақстанның эпидемиологиялық жай-күйін зерттеу бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Соңғы жылы институт 20 мыңнан астам талдау жүргізсе, жергілікті зертханалар 43 мыңға жуық талдау жүргізген. ҚАКСР-де небәрі бірнеше ғана санитарлық дәрігер болды. Тіпті бұрынғы тоғыз губерниялық және округтік қалалардың барлығы медициналық санитарлық бақылаумен қамтамасыз етілмеді. Өлкелік бактериологиялық институт шешекке және құтыруға қарсы екпе жұмыстарын жүргізуде белсенділік танытты. Дегенмен, барлық мектеп оқушыларына шешекке қарсы екпе әлі де жасала қойған жоқ. Сібір жарасы, оба және алапес Қазақстанның ауыр қасіреті болды. Бұл жұқпалы аурулардың барлығы да Қазақстанда тұрақты сипатқа ие болып отырды (Материалы, 1928:117). Өлкелік Санбакин басшылығымен 1925 жылдан бастап Қазақстанда жыл сайын 8-10 дәрігерлік зерттеу отряды жұмыс істей бастады (III сессия, 1928:20). Олар көшпелі қазақ аудандарын аралап, халықтың денсаулығы мен оларда кездесетін жұқпалы аурулар деңгейі туралы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мұндай отрядтардың жұмысы Қазақстандағы эпидемиологиялық жағдайды тереңірек түсінуге және оған қарсы күрес шараларын ұйымдастыруға көп септігін тигізді. 1925-1927 жылдары Қазақстанда тіркелген жұқпалы аурулардың көлемі төмендегі кестедегідей болды:

2-кесте. Қазақстандағы аурулардың түрі мен көлемі (Материалы, 1928:117)

№	Аурулар	1925 жыл	1926 жыл	1927 жыл
1	Безгек (малярия)	179.834	168.110	153.861.
2	Тымау (грипп)	48.542	73.903	106.269
3	Коклош (көкжетел)	6.999	11.609	17.116
4	Тышқақ (дизентерия)	12.668	9.255	12.409
5	Қызылша (корь)	8.430	7.105	7.218
6	Жәншау (скарлатина)	1.504	3.372	6.716
7	Паразиттік сүзектер (Тифы паразитарные)	7.083	5.076	4.650
8	Табиғи шешек (натуральная оспа)	705	1.133	1.112

1929 жылы 2 сәуірде өткен Санбакинститут Кеңесінің мәжілісінде институт директоры П.С. Розен «Қазсанбак» құрылысының жоспары туралы» баяндама жасады. Кеңес бірінші кезекте 2 бұзаухана, 1 операциялық, 1 қойма және қаржы қалған жағдайда тәжірибе жасалатын жануарларға арналған 1 ғимарат салу қажет деп тапты (ОМҒТҚА, 36:1). 1929 жылдың қазан айынан бастап Санбакинститут жанынан жаңа – эпидемиологиялық және коммуналдық санитария бөлімшелерін ашу жоспарланып, химия бөліміне тамақ химигі енгізілді (Хроника, 1929:23).

1930 жылдың басында институт диагностикалық жұмыстан толығымен босатылып, тек жоспарлы ғылыми-зерттеу қызметіне көшті. Осы уақытқа дейін эпидемияға қарсы жедел қызметпен қатар эпидемияға қарсы практиканың тәжірибесін ғылыми түрде жинақтап, эпидемиологияның теориялық мәселелерін әзірлей алатын әрі тұрақты жұмыс істейтін эпидемиологиялық бөлім құру қажеттігі пісіп-жетілді. 1930 жылы Санбакин құрамында төмендегідей бөлімдер жұмыс істеді: эпидемиологиялық, сарысу-вакцина; сарысу және шешек, вакцина, бактериологиялық, ерекше қауіпті инфекциялар кабинеті (оба), серологиялық, протозоологиялық, генментологиялық, клиникалық-диагностикалық, химиялық, кәсіп зияндылық, өлкелік сот-химия кабинеті, коммуналдық санитария, патологиялық анатомия (ОМҒТҚА, 37:33).

1931 жылы 27 тамызда ҚазОАК атындағы Өлкелік санитарлық-бактериологиялық институты ҚазОАК атындағы Санитарлық-эпидемиологиялық институты болып қайта аталды (Шілдебай, 2020 а). Осы уақыттан бастап Институт Қазақстандағы эпидемиология-

лық және санитарлық-бактериологиялық жағдайды зерттеуді жүзеге асыра бастады; індеттермен күрес жөніндегі шұғыл жұмыстарға басшылық жасады; індеттің алдын-алу жөніндегі профилактикалық жұмыстарды, бактериялық вакциналар мен шешек детритін даярлауды жүргізді. Институт құрылысы да өзгеріп, бөлімшелер орнына төмендегідей бөлімдер құрылды: эпидемиологиялық (құрамында бактериологиялық, препараттардың тиімділігін тіркеу, обаға қарсы, протозойлы-гельминтологиялық бөлімшелері болды); санитарлық-гигиеналық (құрамында кәсіптің зияны, коммуналдық санитария, тұрмыстық санитария, тамақ бөлімшелері болды); өндірістік (құрамында вакцина және шешек детриті бөлімшелері болды); әкімшілік-шаруашылық (Государственные, 1984: 40-41).

1932 жылы институттың санитарлық функциялары әлеуметтік денсаулық институтының ұйымдастырылуына байланысты толығымен жойылды және эпидемиология және микробиология институтына айналып, белгілі бір профильге ие болды. Осы уақытқа дейін эпидемиология бөлімінде бір ғана бактериологиялық бөлім болды. 1932 жылы осы бөлімде бруцеллез туралы ілім эпидемиологияда маңызды орын алған кезде, бруцеллез бөлімшесі ұйымдастырылды. Қазақстанның безгекке қатысты қолайсыздығы институттан осы ауруға қарсы күресті басқару және біріктіру жөніндегі міндеттерді шешуді талап етті. Осыған байланысты 1932 жылы эпидемиологиялық бөлімде безгекке қарсы күрес бойынша зерттеу, әдістемелік жұмыстармен және кадрлар даярлаумен айналысатын безгек бөлімі құрылды.

Институттың 1931-1933 жылдардағы аштық кезінде кеңінен етек алған індеттер мен жұқпалы ауруларға қарсы күресін алдағы уақытта жеке қарастыруды мақсат еткендіктен, бұл мақалада оған тоқталмауды жөн көрдік.

1934 жылы 29 мамырда ҚАКСР Денсаулық сақтау халкомы Қ. Құлсартовтың бұйрығы бойынша Санитарлық-эпидемиологиялық институты ҚазОАК атындағы Өлкелік эпидемиологиялық және микробиология институты (ӨЭМИ) болып қайта құрылды (Шілдебай, 2020 а). Институт құрылымы төмендегіше қайта құрылды: құрамында шешек, вакцина, сарысу, антирабин бөлімшелері бар өндірістік сектор; құрамында дезобөлімше және эпидемиологиялық бөлімшесі, ішек инфекциялары, балалар инфекциясы және шешек, паразитті сүзек жөніндегі кабинеттері бар эпидемиологиялық сектор; құрамында оба, туляремия, бруцеллез, сап және Сібір жарасы жөніндегі кабинеттері бар аса қауіпті инфекциялар бөлімшесі; бактериологиялық бөлімшесі (диагностика және бактериялық диагностикалық препараттар даярлау); құрамында безгек бөлімшесі мен энтомологиялық, гельминтологиялық және протозойлы инфекциялар жөніндегі кабинеттері бар паразитологиялық сектор. Кейіннен, бұл секторлар бөлімдер болып қайта құрылды және жаңа бөлімдер мен бөлімшелер ашылды: сумен қамтамасыз ету, елді мекендер кәрізі (канализация), тамақ санитариясы мен гигиенасы, тұрмыстық-жоспарлау, өндірістік санитария мен гигиена (ОМҒТҚА, 104:30).

1931-1934 жылдар ішінде Санбакин 50 миллион доза шамасында шешек детритін өндірді. Бұл республика халқын жаппай вакцинациялауды жүргізуге мүмкіндік берді. Ірі кеңестік шешек маманы М.А. Морозов 1936 жылы елдегі шешектің түпкілікті жойылуындағы «шешекке қарсы міндетті екені шешекпен күрестің негізгі шарасы ретінде» дұрыс атап көрсеткен болатын (Лотова, 1967:257).

Республиканың эпидемиологиялық жағдайының өзгеруіне, Денсаулық сақтау ғылымы мен практикасының сұраныстарына байланысты институт құрылымында елеулі өзгерістер болды. 1934 жылы эпидемиологиялық сектор құрамында бруцеллез кабинеті, бактериологиялық бөлімше, ішек инфекциялары кабинеті, балалар инфекциялары кабинеті жұмыс істеді. Өндірістік сектор құрамында шешек, вакциналық, антирабиялық бөлімшелер және орта өндіріс орындары жұмыс істеді. Паразитологиялық сектор құрамында безгек бөлімшесі, гельминтологиялық кабинет және протозойлық инфекциялар бөлімшесі жұмыс істеді. Келесі жылдары институт өзінің негізгі бөлімдерін дамытып, нығайтты және оның барлық жұмысы үш салада шоғырланды: эпидемиологиялық, өндірістік, паразитологиялық. 1935 жылы санитарлық-техникалық бөлім қайта құрылды.

1936 жылы протозоологиялық бөлім эпидемиологиялық бөлімнің құрамына кіргізіліп, осы жерде эпидемиологиялық бөлімше ұйымдастырылды. Осы уақытта қосылған санитарлық-гигиеналық бөлімде үш бөлім болды: коммуналдық, өндірістік, тамақ санитариясы және гигиена. Жұқпалы аурулар мен індеттердің туралы кең ауқымды материалдың жинақталуы және даярлығы бар мамандардың болуы институтқа ұқсас республикалық мекемелерді ұйымдастыруға (1935 және 1939 жылдары тропикалық,



бруцеллезге қарсы және обаға қарсы станциялар құрылды) алғышарттар қалыптастырды.

**Қорытынды.** Осындай бірнеше даму сатысынан өткен Институт Қазақстандағы індеттер мен аса қауіпті және жұқпалы аурулармен күресте үлкен рөл атқарып, кейіннен ҚАКСР-і одақтас республика болып қайта құрылғаннан кейін де өз қызметін жалғастырды. Санбакин – ҚАКСР Денсаулық сақтау халкоматының жүрегі мен миына айналды. Ал оның қызметкерлері ҚАКСР медицина тарихына өз есімдерін алтын әріппен жазып кетті. Ол есімдерді оқып, олардың тарихи еңбегіне баға беру және Санбакиннің қызметін қалпына келтіру – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихшыларының қасиетті борышы болмақ.

### Әдебиеттер тізімі

III сессия Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета XIII созыва. Стенографический отчет: Бюллетень № 7. Москва: Издание ВЦИК, 1928. 34 с.

Вестник Рабоче-крестьянского правительства Киргизской Социалистической Советской республики, 1925. 1 октября. № 19.

Государственные учреждения Казахской ССР. Справочник: 1.3. Органы управления социально-культурным строительством, административно-политические органы и органы правосудия Казахской АССР (1920-1936 гг). Алма-Ата, 1984. 132 с.

Действия и распоряжения правительства: КазЦИК Санбакининституту // Вестник здравоохранения Казакстана, 1926. № 1-2. С. 102.

Лотова Е.И., Идельчик Х.И. Борьба с инфекционными болезнями в СССР (1917-1967). Очерки истории. Москва, 1967. 432 с.

Материалы к отчету Центрального Исполнительного комитета Казахской Автономной Социалистической Республики на 3 сессии ВЦИК 13-го созыва. Кзыл-Орда: ЦИК Казакстана, 1928. 140 с.

Научные конференции Института КазНҚЗ имени КазЦИКа // Вестник здравоохранения Казакстана, 1926. № 1-2. С. 68-69.

Научные конференции Сан.-Бакт. Института // Вестник здравоохранения Казакстана, 1927. № 1. С. 285.

Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві (ОМҒТҚА), 85-к., 1-6-т., 26а-іс.

ОМҒТҚА, 85-к., 1-6-т., 104-іс.

ОМҒТҚА, 85-к., 1-6-т., 162-іс.

ОМҒТҚА, 85-к., 1-6-т., 36-іс.

ОМҒТҚА, 85-к., 1-6-т., 37-іс.

ОМҒТҚА, 85-к., 1-6-т., 58-іс.

ОМҒТҚА, 85-к., 1-д-т., 17-іс.

Отчет о деятельности Киргизского Центрального Исполнительного Комитета и Народных комиссариатов КССР. За время с III по IV съезд Советов киргизского ирудового народа, рабочих, крестьянских и красноармейских депутатов (Октябрь 1922 по декабрь 1923). Оренбург: Киргосиздат, 1923 (Жалпы қанша бет екені белгісіз. Әрбір мекеменің есебі жаңа беттен нөмірленеді).

Скоркин К.В. Они носили ТВОЮ фамилию. Биографический справочник: земская и советская медицина, 1900-1941: золотые три с половиной тысячи. Ч. 1. / Сост.: К. В. Скоркин. Москва: VividArt, 2012. 1312 с.

Феликс Р.И., Романов М.М. Предварительные данные обследования питьевой воды города Кзыл-Орды // Вестник здравоохранения Казакстана, 1927. № 1. С. 52-55.

Хроника // Здравоохранение в Казакстане, 1929. № 2. С. 23.

Штибен В.Д. История, задачи и ближайшие перспективы Краевого Санитарно-бактериологического института КазНҚЗ в Кзыл-орде(с приложением цифрового отчета деятельности по 1-е октября 1925 года) и плана работы и-та на 1925-26 год. // Вестник Здравоохранения Казакстана, 1926. № 1-2. С. 35-41.

Штибен, (1927а), Штибен В.Д. Отчет о командировке за границу (в Германию и Данию) // Вестник здравоохранения Казакстана, 1927. № 1. С. 65-75.

Штибен, (1927б), Штибен В.Д. Отчет о деятельности Краевого Санитарно-Бактериологического Института Казнаркомздрава имени КазЦИКа (Кзыл-Орда) // Вестник здравоохранения Казакстана, 1927. № 1. С. 107-124.

Шілдебай (2020а), Шілдебай С.Қ. Қазақ АКСР денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасу

тарихынан // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. № 2 (22) сәуір-маусым 2020: <http://edu.e-history.kz/kz/publications/view/1446> (26.02.2021 жылы қаралды).

Шілдебай (2020б), Шілдебай С. Орынбор мемлекеттік шешекке қарсы екпе институты // Қазақстан тарихы. Энциклопедия / Жалпы редакциясын басқарған Қабылдинов З.Е. Т. 3. Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2020. 824 б. (191-б.).

Шілдебай (2020в), Шілдебай С. Өлкелік безгекке қарсы комиссия // Қазақстан тарихы. Энциклопедия / Жалпы редакциясын басқарған Қабылдинов З.Е. Т. 3. Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2020. 824 б. (205-б.).

Шілдебай (2020г), Шілдебай С. Обаға қарсы іс қылатын Қазақстанның өлкелік кеңесі // Қазақстан тарихы. Энциклопедия / Жалпы редакциясын басқарған Қабылдинов З.Е. Т. 3. Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2020. 824 б. (161-б.).

Шілдебай (2020д), Шілдебай С. Өлкелік тері-венерологиялық ғылыми-зерттеу институты // Қазақстан тарихы. Энциклопедия / Жалпы редакциясын басқарған Қабылдинов З.Е. Т. 3. Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2020. 824 б. (205-б.).

### References

III sessiya Vserossijskogo Central'nogo Ispolnitel'nogo Komiteta XIII sozyva. Stenograficheskiy otche Byulleten' № 7 (III session of the All-Russian Central Executive Committee of the XIII meeting. Verbatim report: Bulletin No. 7). Moskva: Izdanie VCIK, 1928. 34 s. [In Russian].

Vestnik Raboche-krest'yanskogo pravitel'stva Kirgizskoj Socialisticheskoy Sovetskoj respubliki (Herald Bulletin of the Workers 'and Peasants' Government of the Kirghiz Socialist Soviet Republic), 1925. 1 oktyabrya. № 19. [In Russian].

Gosudarstvennye uchrezhdeniya Kazahskoj SSR. Sparvochnik: 1.3. Organy upravleniya social'no-kul'turnym stroitel'stvom, administrativno-politicheskie organy i organy pravosudiya Kazahskoj ASSR (1920-1936 gg) (State institutions of the Kazakh SSR. Sparvochnik: 1.3. Management bodies of social and cultural construction, administrative and political bodies and justice bodies of the Kazakh ASSR (1920-1936). Alma-Ata, 1984. 132 s. [In Russian].

Dejstviya i rasporyazheniya pravitel'stva: KazCIK Sanbakininstitutu (Actions and orders of the government: Kaztsik Sanbakininstitutu) // Vestnik zdavoohraneniya Kazakstana, 1926. № 1-2. S. 102. [In Russian].

Lotova E.I., Idel'chik H.I. Bor'ba s infekcionnymi boleznyami v SSSR (1917-1967). Ocherki istorii (Fight against infectious diseases in the USSR (1917-1967). History Essays). Moskva, 1967. 432 s. [In Russian].

Materialy k otchetu Central'nogo Ispolnitel'nogo komiteta Kazahskoj Avtonomnoj Socialisticheskoy Respubliki na 3 sessii VCIK 13-go sozyva (Materials for the report of the Central Executive Committee of the Cossack Autonomous Socialist Republic at the 3rd session of the Central Executive Committee of the 13th convocation). Kzyl-Orda: CIK Kazakstana, 1928. 140 s. [In Russian].

Nauchnye konferencii Instituta KazNKZ imeni KazCIKa (Scientific conferences of the KazTSik KazNKZ Institute)// Vestnik zdavoohreneniya Kazakstana, 1926. № 1-2. S. 68-69. [In Russian].

Nauchnye konferencii San.-Bakt. Instituta (Scientific conferences of the San.- Bact. Of the Institute) // Vestnik zdavoohreneniya Kazakstana, 1927. № 1. S. 285. [In Russian].

Ortalyq memlekettik gylymi-tehnikalyq kuzhattama arhivi `Central State Archive of Scientific and Technical Documentation (OMGTKA), 85-к., 1-6-т., 26а-іс. [In Kazakh].

OMGTKA, 85-қ., 1-6-т., 104-іс.

OMGTKA, 85-қ., 1-6-т., 162-іс.

OMGTKA, 85-қ., 1-6-т., 36-іс.

OMGTKA, 85-қ., 1-6-т., 37-іс.

OMGTKA, 85-қ., 1-6-т., 58-іс.

OMGTKA, 85-қ., 11д-т., 17-іс.

Otchet o deyatel'nosti Kirgizskogo Central'nogo Ispolnitel'nogo Komiteta i Narodnyh komissariatov KSSR. Za vremya s III po IV s'ezd Sovetov kirgizskogo irudovogo naroda, rabochih, krest'yanskikh i krasnoarmejskikh deputatov (Oktyabr' 1922 po dekabr' 1923) (Report on the activities of the Kyrgyz Central Executive Committee and People's Commissariats of the KSSR. During the period from the III to the IV Congress of Soviets of the Kyrgyz and Labor people, workers', Peasants' and Red Army deputies (October 1922 to December 1923).

Orenburg: Kirgosizdat, 1923. – (Zhalpy qansha bet ekeni belgisiz. Arbir mekemenin esebi zhana betten nomirlenedi). [In Russian].

Skorkin K.V. Oni nosili TVOYU familiyu. Biograficheskiy spravochnik: zemskaya i sovetskaya medicina, 1900-1941: zolotyie tri s polovinoj tysyachi (They had YOUR last name. Biographical reference: Zemstvo and Soviet medicine, 1900-1941: golden three and a half thousand). – CH. 1. / Sost.: K.V. Skorkin. Moskva: VividArt, 2012. 1312 s. [In Russian].

Feliks R.I., Romanov M.M. Predvaritel'nye dannye obsledovaniya pit'evoy vody goroda Kzyl-Ordy (Preliminary data of the survey of drinking water in the city of Kzyl-Orda) // Vestnik zdavoohraneniya Kazakstana, 1927. № 1. S. 52-55. [In Russian].

Hronika (Chronicle) // Zdravoohranenie v Kazakstane, 1929. № 2. S. 23. [In Russian].

Ştiben V.D. İstoriya, zadachi i bliжайšie perspektivy Kraevogo Sanitarno-bakteriologicheskogo instituta KazNKZ v Kzyl-orde (s prilozheniem sifrovogo otcheta deyatnosti po 1-e oktyabrja 1925 goda) i plana raboty i-ta na 1925-26 god. (History, tasks and immediate prospects of the Regional Sanitary and Bacteriological Institute of KazNKZ in Kzyl-Orda (with the appendix of the digital report of activity on October 1, 1925) and the work plan of the Institute for 1925-26.) // Vestnik Zdravoohraneniya Kazakstana, 1926. № 1-2. S. 35-41.

Ştiben (1927a), Ştiben V.D. Otchet o komandirovke za granisu (v Germani i Dani) (Report on a business trip abroad (to Germany and Denmark) // Vestnik zdavoohraneniya Kazakstana, 1927. № 1. S. 65-75.

Ştiben (1927b), Ştiben V.D. Otchet o deyatnosti Kraevogo Sanitarno-Bakteriologicheskogo İstituta Kaznarkomzdrava imeni KazSİKa (Kzyl-Orda) (Report on the activities of the Regional Sanitary-Bacteriological Institute of Kaznarkomzdrav named after KazTSİK (Kzyl-Orda) // Vestnik zdavoohraneniya Kazakstana, 1927b. № 1. S. 107-124.

Shildebay (2020a), Shildebay S.Q. Kazakh AKSR densaulyq saqtau zhyesinin qalyptasu tarihy (From the history of the formation of the health care system of the Kazakh SSR) // «Edu.e-history.kz» elektronдық gylimi zhurnaly. № 2(22) sauir-mausym 2020: <http://edu.e-history.kz/kz/publications/view/1446> (26.02.2021 zhyly qaraldy). [In Kazakh].

Shildebay (2020b), Shildebay S. Orynbor memlekettik sheshikke qarsy ekpe instituty (Orenburg State Smallpox Institute) // Qazaqstan tarihy. Enciklopediya / Zhalpy redakciyasyn basqargan Kabyldinov Z.E. T. 3. Almaty: «Litera-M» ZHSHS, 2020. 824 b. (191-b.). [In Kazakh].

Shildebay (2020v), Shildebay S. Olkelik bezgekke qarsy komissiya (Regional Antimalarial Commission) // Qazaqstan tarihy. Enciklopediya / Zhalpy redakciyasyn basqargan Kabyldinov Z.E. T. 3. Almaty: «Litera-M» ZHSHS, 2020. 824 b. (205-b.). [In Kazakh].

Shildebay (2020g), Shildebay S. Obaga qarsy is qylatyn Kazakhstannyn olkelik kenesi (Regional Council of Kazakhstan for the Fight against the Plague) // Qazaqstan tarihy. Enciklopediya / Zhalpy redakciyasyn basqargan Kabyldinov Z.E. T. 3. Almaty: «Litera-M» ZHSHS, 2020. 824 b. (161-b.). [In Kazakh].

Shildebay (2020d), Shildebay S. Olkelik bezgekke qarsy komissiya (Regional Skin and Venereological Research Institute) // Kazakhstan tarihy. Enciklopediya / Zhalpy redakciyasyn basqargan Kabyldinov Z.E. T. 3. Almaty: «Litera-M» ZHSHS, 2020. 824 b. (205-b.). [In Kazakh].